

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, 2023 жылға жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 968 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, осы қосымшаға сәйкес 2023 жылға жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов

Қостанай ауданы әкімдігінің
2022 жылғы "07" қарашадағы
№ 968 қаулысына
қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін , 2023 жылға жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымдардың атауы	Ұйымдағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімдегі квота мөлшері	Жұмыс орындарының саны
1	2	3	4	5
1.	"Горизонт-2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	55	1,8	1